



# ТІЛ – ИНСТИНКТ

Тілдің табиғаты





Қазіргі уақытта әлем тілдері қатарындағы ағылшын тілі адамдардың, әсіресе, жастардың, назарын аударады. Тіпті біздің елімізде «Үштілдік» білім беру бағдарламасы да жүзеге асырылуда: қазақ, орыс және ағылшын тілдері. Сонымен қатар осы жылдан бастап ағылшын тіліндегі көптеген құнды ғылыми басылымдар қазақ тіліне аударылып жатыр. Олардың бірі біздің дәрістер курсының негізіндегі Стивен Пинкердің «Тіл – инстинкт» атты кітабы. Сондықтан ағылшын тілі грамматикасының ерекшеліктеріне арнайы тоқталғанымыз жөн.

Дәрістің алғашқы мәселесі – Тілдің орны мен қызметі туралы Стивен Пинкер және басқа да ғалымдардың пікірі.

Жаңалыққа құмар журналистер үшін, ит адамды тістесе, ол жаңалық емес, ал адам итті тістесе, бұл шынымен де сенсация болып табылады. Сол себепті тілдік инстинктің мәні: тіл ақпараттың хабарлауында.

Сөздердің жиынтығы «сөйлем» деп аталады, ол тек есте сақтауды ғана емес, сонымен қатар, адам туралы және адамның досы туралы және басқалары туралы ойлауды еске түсіреді, олар қандай істі, кіммен жасалғанын білдіреді. Сонымен, біз, әдеттегідей жай мәтіннен көп ақпарат аламыз.

Ғалымдар табиғаттан ерекше құбылысты байқаса, мысалы, қараңғыда жарқанат жәндіктерді байқаса немесе үлкен балық (лосось) туған өзеніне уылдырығын тастайды – олар осыдан жаратылыстану ғылымдарының заңдылықтарын іздей бастайды. Жарқанат жағдайында – бұл ультрадыбыс, ал үлкен балық (лосось) жағдайында – жіптің сабындай істі көрсетеді. Адамның итті тістеуінің сенсациялық ақпаратында не жатыр? Шын мәнінде, мұндай ғажайыптың екі жаңаша түйіндемесі бар. Олар XIX ғасырдың еуропалық ғалымдар аттарымен байланыстырылады. Біріншісі, Швейцариялық лингвист Фердинанд де Соссюр – бұл «белгісінің еріксіздігі» дыбыстың мәнімен толық шартты үйлесуі. Dog «ит» сөзі итке ұқсамайды, ит сияқты жүгірмейді, бірақ сонда да, «ит» деген мағынаны білдіреді. Әрбір ағылшын тілінде сөйлеуші балалық шақта дыбыстың мән-мағынасын біріктіруде автоматты есте сақтау жолымен жүреді. Мұндай стандартталған есте сақтаумен, тіл қауымдастығының мүшелері ойдың санадан санаға бірден берілу мүмкіндігінен үлкен пайда табады.

Тіл – инстинкт тұжырымдамасының тағы да бір ғажайып тұстары атақты Вильгельм фон Гумбольдттың пікірімен анықталады. Ғалым «тіл белгісіз уақыт тұрғысында соңғы тәсілдерді пайдаланады», – деп Ноам Хомскийдің лингвистикада ашқан жаңалығының көзі деп айтуға болады. Біз ит адамды тістейді (Dog bites) және адам итті тістейді (Man bites) арасындағы айырмашылықты білеміз. Өйткені dog, man және bites сөздері біріктіріледі. Бұл сөйлемді аудару үшін сөз бен ойдың арасында код пайдаланамыз. Бұл код немесе ережелер жиынтығы жаңа туындаған грамматика деп аталады, педагогикалық және стилистикалық грамматикаларды мектепте кездестіреміз. Сондықтан оларды шатастырмау керек. Қазіргі әлемде грамматика негіздері ерекше.

Стивен Пинкердің атақты ғалымдардың концепцияларына сүйенгенінің мәні бар. Швейцария тіл ғалымы, Париж, кейін Женева университеттерінің профессоры Фердинанд де Соссюрді әдетте, тіл біліміндегі социологиялық мектептің негізін салушы деп санайды. Оның теориялық өрісі өте кең, жан-жақты. Өзінің еңбектері арқылы Фердинанд де Соссюр тіл ғылымы дамуының жаңа дәуірін ашқан, қазіргі заман тіл білімі дамуының ең басты проблемаларын айқындап, оған бағыт-бағдар сілтеген, жан-жақты ойластырылған біртұтас жүйелі лингвистикалық концепция жасаған адам. Синхрондық лингвистика тілдің ішкі жүйесін зерттейді де, диахрония бір-біріне байланыста алынған тілдік элементтердің тарихын зерттейді. Тілдің ішкі механизмі дегеніміз – тілдік жүйе. Тілдік жүйенің сырын ашу тек синхрондық зерттеудің ғана қолынан келеді. Сондықтан синхрондық лингвистика диахрондық лингвистикадан маңыздырақ. Ол – тілдің белгілі бір дәуірдегі күйі туралы теория. Синхрония тілдік жүйе құрайтын элементтердің бір-бірімен логикалық, психологиялық қарым-қатынастарын талдайды.

Германиядағы ұлы адамдардың бірі болып есептелінетін және лингвистикалық тарихында салыстырмалы-тарихи тіл білімінің философиялық негізін қалаушысы Вильгельм Гумбольдттың лингвистикалық ізденістері ғылыми ортаға кеңінен танымал болды. Гумбольдт санскрит, қытай, малай, америка индеецтері, баск тілдері сияқты дүниенің әр бұрышында көптеген тілдерді зерттеген. Көп тілдердің фактілерімен таныс болуы – оның лингвистикалық ой-өрісін мейлінше кеңейткен. Ғалым тіл білімінің өзіндік философиялық базасы – тіл философиясы.



Адам тілді неғұрлым жақсы меңгерген болса, соғұрлым тіл оның ойлауына әсерін тигізеді деп, тілдің еңбек процесінде, қоғамдық қажеттіктен туғанына мән бермей, оны адам баласынның ішкі табиғи қажетінен туған, тіл адам табиғатына тән деген пікір айтқан.

Тілдің жұмыс механизімі принциптер арқылы сипатталады. Соның бірі – комбинаторлық грамматика. Өмірде алуан түрлі құбылыстар бар. Олар табиғат құбылыстары және қоғамдық құбылыстар болып екіге бөлінеді. Тіл қоғамдық құбылыстардың қатарынан орын алады. Ол – қыр-сыры мол, күрделі құбылыс. Тілдің табиғатын танып білу үшін оның басты қасиетін айқындап алудың маңызы айрықша. Тілдің табиғатын айқындайтын ең басты қасиеті делініп, әдетте, оның қатынас құралы болу қызметі аталады. Тілдің қызметін түсінуде бұл анықтаманың үлкен маңызы бар. Тіл – адам баласы қоғамында қатынас құралы, сөйлесіп, пікір алмасудың құралы ретінде пайда болды. Тарихта мұндай ұжым алғашында ру, тайпа түрінде, кейін халық тілі, ұлт болып өмір сүрді. Адамдар ұжымына – мейлі ол ру немесе тайпа болсын, халық немесе ұлт болсын – осылардың бәріне де тіл қатынас құралы ретінде қызмет атқаруы, оның табиғатын, мәнін айқындайтын басты қасиеті деуіміз де осыдан.

Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы – екі жақты байланыс. Біріншіден тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі, қоғамдық өндірісті ұйымдастыруы оны дамытуы мүмкін емес. Демек қоғамның өмір сүруі адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін қатынас құралы, пікір алысудың құралы – тіл қажет. Тіл – адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам – тілдің өмір сүруінің шарты, қоғамнан тыс, адамдардың ұжымынан тыс тіл жоқ. Қоғамның өмір сүруі адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін қоғам соншалықты қажет.

Тіл қызметі тілдің негізгі мәні, қоғамдағы міндеттері мен атқаратын жұмысы, табиғаты сияқты күрделі ұғымдарды қамтиды. Бұлар сонымен қатар оның жаратылысының ең маңызды қасиеттері болып саналады. Тіл негізінен екі түрлі маңызды қызмет атқарады. Біріншісі коммуникативтік және екіншісі когнитивтік, танымдық, гносеологиялық – кейде оны экспрессивтік қызмет деп атайды, яғни сананың жұмысын жүзеге асыру қызметі. Тілге эмоциялық қызмет – адамның көңіл күй, әсерлерін, сезімдерін жеткізу жүктелінген. Тілдің металингвистикалық терминдерімен сипаттау құралы қызметін орындау. Тілді пайдалану кезінде оның негізгі қызметтері бір-бірімен шартты байланыста болады, бірақ сөйлеудің кейбір жеке үлгілерімен мәтіндерде әртүрлі дәрежеде көрініс табады. Коммуникативтік қызметке байланыс орнату, конативтік, волюнтаривтік және ұлттық танымды, мәдени дәстүрді, тарихты сақтау және т.б. қызметтер жатады.

Конативтік қызмет аясында таныммен тарихи қоғамдық тәжірибе, жинақталған білімдерді меңгеру, бағалау (аксеологиялық), сондай-ақ денотация (номинация аталым), референциялық, предикаттық құралдар ретінде пайдаланылады. Тілдің эмоционалдық қызметі, әсіресе поэтикалық, көркем әдеби шығармашылық салаларда орын алады. Тіл қызметін анықтауға қызығушылық XX ғасырда белең алды. Қазіргі кездегі тіл әрекеті аясының кеңеюімен тіл қызметі мәселесі ауызша сөйлеу тілі, функционалдық стильдер, мәтін лингвистикасы сияқты жаңа ағымдар аймағында терең зерттеулерге бет алды.

Тілді қоғамдық құбылыстардың қатарына жатқызуға негіз болатын басты белгі оның қоғамға қызмет ету белгісі екендігі жоғарыда айтылды. Бірақ тілдің қоғамға қызмет етуі басқа қоғамдық құбылыстардың, мысалы, базис пен қондырманың, қоғамға қызмет етуінен өзгеше болады. Базис қоғамға экономикалық жағынан қызмет етсе, қондырма қоғамға саяси, заңдық, эстетикалық және басқа идеялар арқылы қызмет етеді, қоғам үшін тиісті көзқарастардың нормаларын жасап береді. Демек, тілден басқа қоғамдық құбылыстар, мысалы, базис пен қондырма, қоғамға белгілі бір салада қызмет етеді. Ал тілдің басқа қоғамдық құбылыстардан айырмасын көрсететін айрықша ерекшелігі мынада: тіл қоғамға қызмет еткенде, адамдардың қатынас құралы, пікір алысу құралы, бірін-бірі түсінісу құралы ретінде адамдардың ісі мен әрекетінің барлық саласында: өндіріс пен экономикалық қатынастар саласында да, саясат пен мәдениет саласында да, қоғамдық өмір мен күнделікті тұрмыста да бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қызмет етеді. Тіл адамның ісі мен әрекетінің барлық саласын қамтиды, осыған орай, оның қимыл өрісі өте кең және әр жақты болады. Тілдің ерекшелігі оның ең басты қызметі – қатынас құралы болуынан келіп туады.



Қоғам мүшелерінің өзара пікір алмасуы тіл арқылы іске асады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып, не жазып жеткізеді. Тыңдаушы да сөйлеушінің ойын тіл арқылы түсінеді. Ойдың жарыққа шығып, іске асуы, өмір сүруші үшін тілдік материалға негізделуі, сөздер мен сөз тіркестері және сөйлемдер түрінде айтылуы шарт. «Тіл дегеніміз – ойдың тікелей шындығы» (К.Маркс). Ой шындығы тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы көрінеді. Демек, тіл – пікір алысу құралы, ойлаудың қаруы, ойды білдіру құралы.

Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайды. Ой арқылы, адам миының сәулелендіруші әрекеті арқылы тілдік единицалар объективті дүниенің заттарымен және құбылыстарымен байланысқа түседі, мұнсыз адамдардың бір-бірімен тіл арқылы қатынас мүмкін болмаған болар еді. Белгілі бір тілдің дыбыстық комплекстері ойлауда сәулеленетін объективті дүниенің элементтерінің сигналдары ретінде қызмет етеді де, бұл дыбыстық комплекстерде адам танымының нәтижелері орнығып бекітіледі, ал осы нәтижелердің өзі ары қарай танып білуге негіз болады. Сондықтан да тіл ойлаудың қаруы, құралы ретінде, ал тіл мен ойлаудың байланысы бірлік ретінде сипатталады.

Тіл мәдениетпен байланысты, бірақ онымен тепе-тең емес. Тілді қондырмамен теңестіру, бірдей деп есептеу қаншалықты қате болса, тілді мәдениетпен теңестіру, бірдей деп есептеу соншалықты қате болмақ. Мәдениет идеологиялық, яғни қондырмалық құбылыстың қатарына енеді, осыған орай, ол буржуазиялық та, социалистік те болуы мүмкін. Ал тіл қатынас құралы ретінде әрқашан жалпыхалықтық сипатта бола береді.

Грамматикадағы сөз тізбегі генераторы – тілдің моделі, сөйлемдер жиынтығы немесе сөйлемдердің атауы. Генератор сөйлемнің әртүрлі тізімдерінен сөзді таңдау арқылы сөйлемді құрастырады. Сөз тізімдерін сәйкестендіру жүйелері сатиралық әңгімелерде жиі қолданылады. Соның кейбір көріністері Михаил Френнің «Тыныс адамы» романында жақсы сипатталған.

Тіл жұмысының механизмі бойынша сөйлеушінің ойында не болып жатқанын білу үшін бірнеше ережелерді тізбектеп айтудың қажеті жоқ. Тілдің тек екі қағидасы ғана зат есім, етістік, жалғау (предлог) сын есім сөз таптарының арасындағы айырмашылықтармен болуы мүмкін. Синтаксистік топ өзінің биік шыңын (a tall man «ұзын адам» – белгілі бір man «адам») береді, басқаша синтаксистикалық топты келесі зат есім сөзімен «атаулы топпен» айтамыз, біз оны жай ғана «Х-топ» атауымызға да болады, зат есім – бастапқы сөз. Мысалы, адамдар әлеміне тиесілі, сонымен қатар, бастапқы сөзден тұратын басқа ақпараттар.

Бұл негізгі модель синтаксистикалық топ басқа тілдерде де орналасады. Ағылшын тілінде бастапқы сөз рөлдік ойыншылар ретінде жүреді. Мысалы, жапон етістігі өзінің анықтауышының алдында емес, кейін жүреді. Жапондықтар: «Кендзи жеді суши» емес, «Кендзи суши жеді». Жалғаулар бастапқы атаулы топтан кейін жүреді: «Кендзи-ге» емес, «Кендзи-де» (сондықтан жалғаулар деп аталады).

Ағылшын тілінің сөз тіркестерін қарастырайық. Арнайы бір сөздің өзі зат есім болады. Мысалы, «мысық баскиімде» деп алсақ, бұл сөйлемде баскиім емес, мысықтарды айтамыз. «Мысық» сөзінің мағынасы бұл сөйлемнің сөз тіркесі болып табылады.

«Кімде-кім кешкі коктейлге барса, ғылымға еңбек сіңірген Хомскийдің «түрлендірумен (трансформация)» бірге «терең құрылымдарды» олардың «жоғары құрылымына» жобалағанын білетін еді», – дейді Стивен Пинкер. Хомский бұл ұғымды 60 жылдарда енгізгенде бихевиоризм кезеңінде атақты болды. «Терең құрылымды» ұғымы жасырын болған көзбе-көз қабылдау, миф әңгімелер, өлеңдер, суреттер, музыкалық әуендердің және т.б. терең құрылымдарын аша бастады. Қазір бұл теория әйгілі болмай тұрғанда, мен бір құпияны ашуым керек: терең құрылым – бұл грамматиканың қарапайым техникалық құралы. Бұл тек сөйлемнің ғана мағынасын емес, барлық адамзат тілінің мағынасы. Әмбебап грамматика мен дерексіз құрылым грамматикалық теорияны құраса да, көптеген лингвистер (Хомскийдің өзін соңғы еңбегімен қоса) терең құрылымсыз қарастыруға болады деп есептеген.

Біздің басымыздағы белгілі бір ой мол ақпарат көлемін қамтиды. Ал ойларды басқа біреуге жеткізуге келген кезде, қойылатын назардың көлемі мәз емес, ал тіл шабан. Тыңдаушыға ақпаратты тиімді уақыт бөлігінде жеткізу үшін, сөйлеуші тыңдаушының бос орындарды өзі толықтырып алатынын есепке ала отырып, өз хабарының бөлігін ғана сөзге сыйғыза алады. Бірақ мидың өзіндегі талаптар басқаша. «Эфирде болу» уақыты шексіз: мидың әртүрлі бөліктері аса зор көлемдегі ақпаратты тез жеткізе алатын жуан өткізгіштермен өзара тікелей жалғасқан.



Санадағы бейнелердің өзі қиял болғандықтан, қиялдың үлесіне түк те қалмайды. Нәтижесінде бізге келесі көрініс ұсынылады. Адамдар ағылшын, қытай немесе апачи тілдерінде емес: олар ой тілінде, ойтаңбалар арқылы ойлайды. Бұл ойтаңба жоғарыда аталған тілдерге аздап ұқсайтыны шүбәсіз; жорамалмен айтқанда ол жоғарыда айтылған боялған қабырға мысалы көрсеткендей, сөйлеуші мен әрекет нысанына сәйкес келетін ұғымдарды білдіретін символдар мен символдар үйлесіміне ие.

Грамматика – «дискреттік комбинаторлық жүйенің» негізі болып саналады. Дискреттік элементтің соңғы саны (бұл жерде сөз) үлкен құрылымды құруда іріктеледі, қосылады, араласады (бұл жерде сөйлем), олардың элементтерінен тұратын қасиеттерімен ерекшеленеді. Мысалы, бізге таныс «Адам итті тістейді» деген сөйлемнің мағынасы тек оны құраушы әрбір үш сөздің мағынасын білдіреді, бірақ кері сөйлем құрағанда да осы мағынаны хабарлайды.

Көптеген биологтар грамматикалық және генетикалық комбинацияның арасындағы қағидаларды кең түрде қарастырды. Кәсіби тілде генетика ДНК тізімінде әріптен тұрады, «синонимикалық» болуы мүмкін, оны «аударуға» болады. Тіпті «кітапханада сақтауға да болады». Осыдан, иммунолог Нильс Керн өзінің Нобель дәрісін «Иммундық жүйенің генеративті грамматикасы» деп атағаны назар аударады.

«Тілдің жұмысы – әрбір адамның миы ойлау сөздігі мен ережелерден тұрады, олардың тұжырымдамалар арасында (психикалық грамматика) қарым-қатынастарды жеткізуге арналған сөздерді біріктіретін ережелер жиынтығымен құралатынын білдіреді. Грамматика дискретті комбинаторлық жүйе болып табылады және екі маңызды салдарын айқындайды. Біріншіден, тілдің қарапайымдылығы. Егер Конгресс кітапханасына барып, кездейсоқ кез келген көлемде сөйлемді таңдасаңыз, сіз дәл сол қайталауды қанша уақыт іздесеңіз де, таба алмайсыз», – дейді Пинкер.

Грамматика – санаға тәуелді емес код. Оның мақсаты – сөйлемдегі мағынаны жеткізу үшін сөздерді лингвистикалық заңдылықпен үйлестіру.

Ендеше, мынандай ақпаратқа көңіл бөліңіздерші. Сөйлеушінің сөйлейтін сөздерінің саны 1020 болуы мүмкін. Сөйлеу кезінде 5 секунд ішінде балалық шағында адамға сауда орталықтарын есіне сақтауына шамамен жүз триллион сөз (ұйқысыз, тамақсыз) қажет болады екен. Шындығында жиырма сөзбен шектеуге болмайды. Мысалы, мағынаны түсіну үшін Джордж Бернард Шоудың еңбегінде 100 сөзден тұратын сөйлем бар. Сонымен қатар, Уильям Фолкердің «Авессалом, Авессалом» деген романында сөйлемнің 1300 сөзден тұратыны анықталған. Сөйтіп бұл роман «Гиннес рекордтар» кітабына еңген.

Бернард Шоудың 100 сөзден тұратын сөйлем мынадай оқиға үзіндісін хабарлайды: «Әлі де бейтаныс адам деп ойлады Жак-Далькроз, барлық ұлы мұғалімдер шындық немен аяқталатынын және ол сабақты жүргізу қажеттігін білетін адам (тиран) болып табылады, әйтпесе, оның жүрегі сыр береді (біреудің бір заты емес, ескеріңіз), сонымен қатар әрбір көрген адам оның мектебі керемет деп оған таңғалады: «Әттең, мені неге солай оқытпаған!» және егде жастағы адамдар өздерінің студенттерін жазып, балалардың қызығушылығын арттырып, өзінің керемет ұмтылысымен екі-үш рет қарап, және де шынымен мән беріп, бөлмені айналып жүріп, екі қадам артқа жүріп Далькроз «Хоп» деп белгі береді».

Шын мәнінде, егер бізге шамамен уақыт берілсе, әрбіріміз шексіз сөйлемдерді құруға қабілеттіміз. Сол логиканы пайдалана отырып, көптеген сөйлемдердің шексіз сандары болады.